



ШЕШІМ

11.12.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

254/32-VIII

№

город Астана

**Астана қаласы мәслихатының
кейбір шешімдерінің күшін
жою туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Астана қаласының Бюджет комиссиясы отырысының 2024 жылғы 4 маусымдағы № 11 хаттамасы және мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының № 7119-23-00-2/14497 2024 жылғы 5 ақпандағы шешімі негізінде Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылсын.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2024 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 254/32-VIII шешіміне
қосымша

Күші жойылған деп танылатын
Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің
тізбесі

1. «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 541/73-VI шешімі.

2. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 541/73-VI «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 4 сәуірдегі № 169/24-VII шешімі.